

8D07160(6D072000)-Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы,
8D07170(6D072100)-Органикалық заттардың химиялық технологиясы,
8D07172-Мұнай және газ өңдеу технологиясы, 8D07171-Мұнайхимия
мамандықтары бойынша М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
университеті жанындағы диссертациялық кеңес отырысының

ХАТТАМА №7

Шымкент қ.

29 тамыз 2024 жыл

ҚАТЫСҚАНДАР: 4 адамнан тұратын диссертациялық кеңестің 3 тұрақты мүшесі:

Отырыс төрағасы – х.ғ.д., профессор К.С.Надиров

Ғалым хатшы – философия докторы (PhD) У.Б.Назарбек

Күн тәртібі:

1. Ізденушінің құжаттарын қабылдау
2. Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындау
3. Ресми рецензенттерді және ізденушінің қорғау күнін тағайындау

ТЫНДАЛДЫ:

1. Ізденушінің диссертациялық жұмысын қорғау үшін құжаттарды қабылдау:

8D07160 – «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша Б.С. Серикбаеваның «Мыс және күмісі бар қабықшаларды қолдана отырып термопластикалық полимерлердің бетін модификациялау технологиясын әзірлеу» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысын қорғау үшін құжаттарды қабылдау;

Төраға:

Құрметті диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері! 2024 жылдың 29 тамызында 8D07160(6D072000)-Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы, 8D07170(6D072100)-Органикалық заттардың химиялық технологиясы, 8D07172-Мұнай және газ өңдеу технологиясы, 8D07171-Мұнайхимия білім беру бағдарламалары бойынша диссертациялық кеңестің қажетті кворумы бар. Диссертациялық кеңестің 4 тұрақты мүшесінің 3-і қатысуда. Кворум бар. Диссертациялық кеңестің отырысын ашу туралы қандай пікірлер болады?

Кеңес мүшелері: Ашуды ұсынамыз.

Төраға: Күн тәртібіндегі мәселе 8D07160 – «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша Б.С. Серикбаеваның «Мыс және күмісі бар қабықшаларды қолдана отырып термопластикалық полимерлердің бетін модификациялау технологиясын әзірлеу» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысын қорғау үшін құжаттарды қабылдау.

Ғылыми кеңесшісі: техника ғылымдарының докторы, профессор Сатаев Малик Сывамбаевич.

Шетелдік ғылыми кеңесшісі: Ресей Федерациясы Москва қаласы Д.И. Менделеев атындағы Ресейлік химия –технологиялық университеті, техника ғылымдарының кандидаты, доцент «Бейорганикалық заттар мен электрохимиялық процестердің технологиялары» кафедрасының меңгерушісі Колесников Артем Владимирович.

Диссертациялық зерттеу жұмысы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, «Химиялық инженерия және биотехнология» Жоғары мектебінің «Бейорганикалық және мұнайхимия өндірісінің технологиясы» кафедрасында орындалған. Бұл жұмыс қорғауға алғашқы рет ұсынылған.

Ізденушінің жеке ісіндегі құжаттарды жариялау үшін Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы У.Б.Назарбекке сөз беріледі.

Ғалым хатшы У.Б.Назарбек:

Серикбаева Багдагуль Садуехасқызы, 1987 жылы туылған.

2005-2009 жылдары 050606 – «Химия» мамандығы бойынша М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін бітірді.

2016-2018 жылдар М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің 6M072000 - «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша магистратура бөлімін бітірген.

2018-2021 жылдар Ғылыми зерттеу басқармасының «Метрология және стандартизация» бөлімінің бас маманы қызметіне қабылданған.

2021-2024 жылдары PhD докторантурасында 8D07160 – «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» Білім беру бағдарламасы бойынша оқуын тәмамдады.

2024 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Серикбаева Багдагуль Садуехасқызы «Кәсіпкерлік және коммерцияландыру департаменті» «Метрология және стандарттау» бөлімінде бас маман қызметін атқарып келеді.

ҚР БҒМ БҒССБК ережесіне сәйкес, Б.С. Серикбаева келесі құжаттарды ұсынды: қатты түптелген және электронды тасымалдағыштағы диссертация, үш тілдегі жұмыс аңдатпалар (қазақ, орыс және ағылшын); отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің оң пікірлері; «Бейорганикалық және мұнайхимия өндірісінің технологиясы» кафедрасының диссертациялық жұмыс туралы қорытындысы; М.Әуезов атындағы ОҚУ Ғылыми кеңесі отырысының №4 хаттамасынан үзінді және ғылыми кеңесшілер тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі; білім беру бағдарламасын игеру туралы транскрипт көшірмесі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың нотариалды куәландырылған көшірмелері.

Б.С. Серикбаеваның жеке ісіндегі барлық құжаттар ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ережесіне сәйкес келеді.

Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері 9 жарияланымда, оның ішінде Scopus деректер базасына енгізілген халықаралық ғылыми басылымдарда – 3 (Q1, процентиль 81; Q2- 76; Q2 - 43), ҚР Ғылым және

жоғары білім саласындағы бақылау комитетінің тізбесі ұсынған басылымдарда – 2, халықаралық ғылыми конференция материалдарында – 3 мақала жарияланды және Қазақстан Республикасының 1 өнертабысқа патент алынды.

Б.С. Серикбаеваның «Бейорганикалық және мұнайхимия өндірісінің технологиясы» кафедрасының кеңейтілген отырысында диссертациялық жұмысы 8D07160 – «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылды (20.06.2024 жылғы хаттама № 5).

Төраға: Аттестациялық істің қолда бар материалдары бойынша ғалым хатшыға сұрақтар бар ма?

Кеңес мүшелері: Жоқ.

Төраға: Жақсы. Тағы қандай ұсыныстарыңыз бар? Осылайша, Б.С.Серикбаеваның диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау туралы ұсыныс түсті. Басқа ұсыныстарыңыз болмаса, «иә» немесе «қарсымын» деп дауыс беруді ұсынамын.

Диссертациялық кеңестің мүшелері дауыс береді. Барлығы «иә» деп дауыс берді.

Төраға: Бірауыздан «иә», «қарсы» дауыс берушілер жоқ. Онда №7 хаттамамен Б.С.Серикбаеваның диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау жөнінде шешім шығарылады.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындау бойынша Ғалым хатшыға сөз беріледі.

2. Ғалым хатшы Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындау туралы:

1. Битурсын Сауле Сериковна – философия докторы (PhD), «Химия» кафедрасының аға оқытушысы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, мамандығы 6D072000 – Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы.

2. Ташкараев Рахматулла Абдуллаевич – т.ғ.к., доцент, Академик А. Қуатбеков атындағы халықтар Достығы университетінің доценті, Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, мамандығы 05.17.01 – Бейорганикалық заттардың технологиясы;

3. Алимов Умарбек Кадырбергенович – т.ғ.д., Өзбекстан Республикасының ғылым академиясы, «Жалпы және бейорганикалық химия» институтының жетекші ғылыми қызметкері, Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы, мамандығы 05.17.01 – Бейорганикалық заттардың технологиясы.

Төраға: Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерінің ұсынылған кандидатуралары бойынша сұрақтар бар ма? Егер басқа ұсыныстар болмаса, «иә» немесе «қарсы» деп дауыс беруді ұсынамын.

Диссертациялық кеңестің мүшелері дауыс береді. Барлығы «иә» деп дауыс берді.

Төраға: «иә» деп дауыс бергендер – 3, «қарсы» деп дауыс бергендер жоқ. Бірауыздан қабылданды. Ендігі кезекте ресми рецензенттерді тағайындауға кірісеміз. Ресми рецензенттерді тағайындауды ұсынамыз (рецензенттер жөнінде ақпарат және олардың соңғы бес жылдағы зерттеу тақырыбымен байланысты жарияланған еңбектерінің тізімі хаттамаға қоса беріледі):

1. Баяшов Абдуали - химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, "Д. В. Сокольский атындағы Жанармай, катализ және электрохимия институты" АҚ электрохимиялық технологиялар зертханаларының меңгерушісі. Алматы қаласы.

2. Кубекова Шолпан Накишбековна – 05.17.01 - Бейорганикалық заттардың технологиясы мамандығы бойынша техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, "Химиялық процестер және Өнеркәсіптік экология" кафедрасының меңгерушісі. Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті, Алматы қаласы.

Рецензенттердің қорғауға қатысуы міндетті. Осыны ескеріңіздер. Рецензенттерді тағайындау бойынша кімде ұсыныстар бар? Дауыс берейік.

Диссертациялық кеңестің мүшелері ресми рецензенттер ретінде х.ғ.д, профессор, ҚР ҰҒА академигі, А.Б. Баяшовтың және т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ш.Н. Кубекованың тағайындалуына «иә» деп дауыс берді.

Төраға: Барлығы «иә» деп дауыс берді. Ендеше, қорғау күнін тағайындайық. Қорғау күнін 10 қазан тағайындау туралы ұсыныс түсті. Қорғау күнін тағайындау бойынша кімде қандай ұсыныстар бар?

Диссертациялық кеңестің мүшелері қорғау күнін 2024 жылғы 18 қазан сағат 10:00-ге белгілеуді ұсынады.

Төраға: Барлығы «иә» деп дауыс берді. Ендеше, қорғау күнін тағайындайық. Қорғау күнін тағайындау туралы ұсыныс түсті. Қорғау күнін тағайындау бойынша кімде қандай ұсыныстар бар?

Диссертациялық кеңестің мүшелері қорғау күнін 2024 жылғы 18 қазан сағат 10:00-ге белгілеуді ұсынады.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Ізденушінің құжаттарын қабылдау

Б.С. Серикбаеваның диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау.

2. Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері тағайындалсын:

1. Битурсын Сауле Сериковна – философия докторы (PhD), «Химия» кафедрасының аға оқытушысы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, мамандығы 6D072000 – Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы.

2. Ташкараев Рахматулла Абдуллаевич - т.ғ.к., доцент, Академик А. Қуатбеков атындағы халықтар Достығы университетінің доценті, Қазақстан

Республикасы, Шымкент қаласы, мамандығы 05.17.01 – Бейорганикалық заттардың технологиясы;

3. Алимов Умарбек Кадырбергенович – т.ғ.д., Өзбекстан Республикасының ғылым академиясы, «Жалпы және бейорганикалық химия» институтының жетекші ғылыми қызметкері, Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы, мамандығы 05.17.01 – Бейорганикалық заттардың технологиясы.

3. Ресми рецензенттерді және ізденушінің қорғау күнін тағайындау

3.1. Диссертациялық жұмыстың ресми рецензенттері тағайындалсын:

Ресми рецензенттер:

1. Баешов Абдуали - химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, "Д. В. Сокольский атындағы Жанармай, катализ және электрохимия институты" АҚ электрохимиялық технологиялар зертханаларының меңгерушісі. Алматы қаласы.

2. Кубекова Шолпан Накишбековна – 05.17.01 - Бейорганикалық заттардың технологиясы мамандығы бойынша техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, "Химиялық процестер және Өнеркәсіптік экология" кафедрасының меңгерушісі. Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті, Алматы қаласы.

3.2. Қорғау күні тағайындалсын: **18 қазан 2024 жыл, сағат 10:00.**

Диссертациялық кеңестің төрағасы

х.ғ.д., профессор

Диссертациялық кеңестің

ғалым хатшысы

Философия докторы (PhD)



Надиров К.С.

ҚХЖ бөлімінің
басшысы

Назарбек У.Б.